

**Қаратөбе ауданы бойынша жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде жайылым айналымдарының схемасын бекіту туралы**

*Күші жойған*

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 7 қарашадағы № 134 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 қарашада № 5397 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 13 маусымдағы № 104 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 13.06.2024 № 104 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңдарына сәйкес, Қаратөбе ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қаратөбе ауданы бойынша жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде жайылым айналымдарының схемасы бекітілсін.

2. Аудан әкімі аппаратының басшысы (Н.Тоғызбаев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Иманғалиевқа жүктелсін.


4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

*Аудан әкімі*

*Ж.Асантаев*

Қаратөбе ауданы әкімдігінің  
2018 жылғы 7 қарашадағы  
№ 134  
қаулысына қосымша

**Қаратөбе ауданы бойынша жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде жайылым айналымдарының схемасы**



- ауданның шекарасы;¶
- ауылдық округінің шекарасы;¶
- есеп бойынша жер пайдаланушылардың жер телімі;¶
- жайылым айналымдарының қолайлы схемалары;¶
- жайлымдардың, оның ішінде маусымдық жайлымдардың сыртқы және ішкі шекараларымен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері;¶
- жайылым пайдаланушылардың су тұтынуы нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға);¶
- жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны, берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы;¶
- қызыл-қоңыр;¶
- ашық-қызыл қоңыр;¶
- ашық қоңыр;¶

Ескерту: аббревиатураның толық жазылуы:  
 а/о – ауылдық округ.